

**6D040600 – Режиссура мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Хакимов Азат Сериковичтің
«Деректілік Қазақстан көркемсуретті киносының кинотілі құралы ретінде
(1945-2019)» атты диссертациялық жұмысының мәтініне
АҢДАТПА**

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

«Деректілік Қазақстан көркемсуретті киносының кинотілі құралы ретінде (1945–2019)» диссертациялық жұмысында Қазақстанның көркемсуретті киносында деректілікті қолданған режиссерлік кинематографиялық тәсілдерге сараптама жасалды.

Зерттеу жұмысында қазақ көркемсуретті киносының режиссурасында 1945-2019 жылдары қолданылған деректілік тәсілін теориялау мен жүйелеуге баса назар аударылған. Көркемсуретті кинодағы деректілік тәсілін жүйелеу (Көркемсуретті кинодағы режиссерлік деректілік тәсілінің жүйесі) қазіргі Қазақстандағы жалпы кинематографиялық үрдісті терең әрі жан-жақты түсініп, ішінара, режиссураның бұдан арғы дамуын болжауға мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласының бір бөлімінде қазіргі Қазақстан қоғамын одан әрі жетілдіре түсуге мән берілген; «Кино мен телевизиядағы тарих» атты тармағында Қазақстан тарихына арналған кинотуындыларға басымдық беріледі. Демек, кинематографтағы деректілікке деген қызығушылық тек артуда.

Көркемсуретті кинода режиссерлік деректілік тәсілдері кеңінен қолданылып, оны зерттеудің тәжірибелік (кинорежиссура, кинотілі үшін) және теориялық (кино теориясы, кинотану үшін) маңыздылығы артып отыр. Дегенмен, осының өзінде **қарама-қайшылық** айқын: кинематографиялық ортада (кинематографистер мен кинотанушылар) көркемсуретті киноны талқылағанда және оның тәжірибесінде хрониканы молынан қолданғанымен, бұл үрдіс (тәсіл) теориялық тұрғыдан нақтыланбаған.

Жоғарыда айтылғандардан **түйткілді** мәселелер туындайды:

- 1) Көркемсуретті фильмнің көркемдік кеңістігінде деректіліктің алар орны қандай?
- 2) Көркемсуретті кинода деректілікті қолданған фильм авторының мақсаты қалай тұжырымдалған?
- 3) Көркемсуретті кинода деректіліктің даму жолы қандай болуы ықтимал?

Оның үстіне, осы режиссерлік және кинотанушылық сұрақтар түрлі саладағы мәселелерді туындатып отыр: **мәдениеттанушылық мәселе** – құжат (факт) пен екінші табиғаттың ара-қатынасы; **өнертанушылық мәселе** – құжат пен көркем туындының ара-қатынасы; **эстетикалық мәселе** – құжат пен өнер

туындының эстетикалық ара-қатынасы; **философиялық мәселе** – шынайылық мәселесі.

Жоғарыда аталған мәселелер мен қарама-қайшылықтарды қарастыру, әріптестеріміздің жүргізген зерттеулері біздің зерттеудің нысаны мен тақырыбының өзектілігін айқындап берді: «Қазақстан көркемсуретті киносының кинотілінің құралы ретіндегі деректілік (1945–2019)» және *гипотезаны* шығаруымызға мүмкіндік берді: *көркемсуретті кинода қолданылатын деректілік тәсілдері кинокөрерменге белгілі бір дәрежеде әсер етеді, осы тәсілдерді жүйелеу оның кинорежиссурадағы рөлін айқындап, кинотілі аясында даму үрдісін ғылыми тұрғыда негіздеуге жол ашады.*

Біз Қазақстанның көркемсуретті киносындағы режиссерлік деректілік тәсілдерін келесі ретпен зерттедік:

- **1945 жылдан 1970 жылға дейін** – ұлттық режиссураның қалыптасуы, дамуы және гүлденуі;
- **1971 жылдан 1997 жылға дейін** – бұл кезеңнің өзі екіге бөлінеді: 1971-1985 кеңестік кезеңдегі қазақ режиссурасының гүлденуі; 1986-1997 Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясы, «қазақ жаңа толқыны» мен «алғашқы тәуелсіз студиялар» кезеңі;
- **1998 жылдан 2019 жылға дейін** – «тәуелсіздік киносы», «тәуелсіздік балалары» және қазіргі Қазақстан кинематографы.

Режиссерлік тәсілдерді тарихи-мәдени әдіс және драматургиялық әрі экрандық аспектілер аясында зерттеу деректілік тәсілін біртұтас тұжырымдамаға жүйелеуге мүмкіндік береді. Деректілік тәсілін қазіргі режиссерлердің қолдану әдісін сараптау арқылы, Қазақстанның ұлттық киносындағы режиссерлік әдіс-тәсілдердің бұдан арғы даму жолын бағамдауға жол ашылады.

Зерттеудің мақсаты – Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында 1945–2019 жж. аралығында шығарылған көркемсуретті фильмдердегі деректілік тәсілін теориялық тұрғыдан сипаттау және жүйелеу, кешенді зерттеу.

Зерттеу нысаны – Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында 1945 – 2019 жж. аралығында шығарылған көркемсуретті фильмдер.

Зерттеу пәні – 1945-2019 жж. аралығында Қазақстанда шығарылған көркемсуретті фильмдердегі автор ойын жүзеге асырудың режиссерлік әдісі ретіндегі деректілік тәсілі.

Зерттеу міндеті:

- 1) Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы деректілікті зерттеудің түрлі тұжырымдарын қарастыру;
- 2) Көркемсуретті кинодағы деректіліктің формаларын, сипаты мен функциясын зерттеу;
- 3) Деректілік құралдарын режиссердің көркем ойын білдірудің кинематографиялық стилі ретінде зерттеп, көркемсуретті кинодағы режиссерлік деректілік тәсілдерін жүйелеу;

- 4) Көркемсуретті кинодағы режиссерлік деректілік тәсілдерін сипаттап, 1945-2019 жж. аралығындағы Қазақстан көркемсуретті киносын сараптау;
- 5) Постмодерн дәуірінің құбылыстарын көрсететін философия мен мәдениетте шынайылық туралы көзқарастар жүйесін зерттеу;
- 6) Деректілік тәсілдің даму тенденцияларын, оның кинотілінде көрініс табуын анықтау.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Зерттеуіміздің теориялық негізін кинематографтың өткен және қазіргі заманғы теоретиктері мен практиктерінің еңбектері құрап отыр, яғни, шетелдік және отандық кино теориясы мен философия, эстетика, кино сыны, әлеуметтану мен психологияның кинематографпен я болмаса жалпы бейнелеу өнерімен байланысты ғалымдар З.Кракауэр, Т.Эльзессер, Л.Манович, А.Базэн, М.Мартен, Р.Брессон, С.Эйзенштейн, С.Юткевич, Л.Кулешов, Э.Разлогов, Б.Ногербек, Г.Абикеева, Н.Беркова, Д.Омирбаев, И.Смаилова, О.Борецкий т.б. зерттеулері.

Біз қарастырған, кино теориясы туралы еңбектердің зерттеу бағыты әртүрлі. Мысалы, кейбірі жалпы кинематографты сөз етсе, өзгелері тек көркемсуретті емес (деректі) кинематографты, әйтпесе, керісінше, тек көркемсуретті киноны ғана сараптайды.

Алайда, әлемдік және отандық киноға қатысты көптеген ғылыми зерттеулерге қарамастан, 1945 жылдан бастап Қазақстан көркемсуретті кинематографында режиссерлік деректілік тәсіл арнайы өнертанушылық, кинотанушылық зерттеу нысаны болған емес. Демек, отандық өнертану ілімінде көркемсуретті кинодағы режиссерлік деректілік тәсілдерін ғылыми тұрғыда зерттеп, жүйелеу керегі айқын.

Зерттеудің әдістемелік базасы

Зерттеуімізде Алматы көркемсуретті және хроникалық фильмдер киностудиясы құрылған 1945 жылдан бастап, 2019 жылға дейінгі кезеңдегі фильмдер сарапталады. Яғни, Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» акционерлік қоғамы өз бетінше және өзінің ұлттық кинематографиясы бар өзге елдермен копродукция есебінде шығарған фильмдері. Осы кезеңді қамту арқылы режиссерлік тәсілдегі өзгерісті байқап, Қазақстан көркемсуретті киносындағы деректілік тәсілінің дамуын сараптауға болады. «Қазақфильм» (Алматы, Қазақстан) көркемсуретті және деректі фильмдер киностудиясы шығарған көркемсуретті фильмдер сараптамасы.

Осы диссертациялық жұмыс мәселелерінің жиынтығы тарихи, мәдениеттанушылық және өнертанушылық зерттеулер саласын қамтиды.

Осы диссертациялық жұмыстың негізгі әдістемелік ұстанымы Қазақстан көркемсуретті киносындағы режиссерлік деректілік тәсілдерін жүйелеудегі өнертанушылық әдіс. Сол себепті, осы диссертациялық еңбектің негізгі теориялық-әдістемелік негізі зерттеудің төрт әдісімен жасалған: *зерттеудің тарихи-мәдіни әдісі; зерттеудің салыстырмалы-тарихи әдісі, нарративті*

сараптама; құрылымдық және семиотикалық әдіс. Бұл зерттеуді, салыстыруды және сараптаманың түрлі формаларын талап етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Диссертациялық еңбекте алғаш рет Қазақстан көркемсуретті киносындағы деректіліктің режиссерлік тәсілдері бастапқы кезеңнен осы күнге дейінгі кезеңді (2019 жылды қоса есептегенде) қамти отырып, зерттелген. Сонымен бірге, көркемсуретті кинодағы деректіліктің режиссерлік тәсілдерінің жүйесі мен оның құрамдас бөліктері ұсынылған: жүйенің топтары мен жүйенің элементтері.

Зерттеу барысында, **ғылыми жаңалығы бар келесі нәтижелерге** қол жеткізілді:

1. Қазақстан көркемсуретті киносындағы «Деректіліктің режиссерлік тәсілдерінің жүйесі» ұсынылды. Ол он екі элементтен құралған, өзара әрекет етуші екі топқа бөлінген;
2. Көркемсуретті кинодағы «Деректіліктің режиссерлік тәсілдерінің жүйесіне» енген элементтер кинотуындыға қосымша мән беріп немесе драматизмді, я болмаса эстетиканы күшейтеді;
3. Автор ғылыми айналымға жаңа екі терминдерді енгізуді ұсынады: «аудиохронотоп» және «ықпалдасқан кеңістік» – бұл автор-режиссердің көркемдік-шығармашылық мақсаттарға жету үшін қолданған режиссерлік тәсілін нақтылауға мүмкіндік береді;
4. «Көркемсуретті кинодағы деректі стиль» және «көркемсуретті кинодағы деректі тәсіл» ұғымдары дифференциалданып, аталған ұғымдар көркемсуретті кинодағы режиссураның түрлі әдістері ретінде суреттелген;
5. Көркемсуретті кинодағы заманауи режиссерлік тәсілдердің дамуі тенденциясы анықталып, кинематографтың болжамды болашақ түріне қатысты «кинемахорос» (κινῆμαχώρας) термині ұсынылып отыр.

Жұмыстың ғылыми теориялық маңызы

Диссертацияның теориялық маңызы қазақ көркемсуретті киносындағы деректіліктің режиссерлік тәсілдерін жүйелеуінде жатыр. Бұл еңбекте алғаш рет көркемсуретті кинодағы деректіліктің режиссерлік тәсілдерінің эстетикалық өзгешелігі тұтас сарапталып, деректіліктің режиссерлік тәсілдерінің кино теориясындағы орны айқындалып, осы мәселені одан әрі зерттеудің теориялық негізі жасалды.

Диссертант зерттеу барысында дәлелдеген **келесі ережелерді қорғауға шығарып отыр:**

1. Режиссерлік тәсілдің он екі түрі көркемсуретті кинодағы «Деректіліктің режиссерлік тәсілдері жүйесінің» элементі саналып, олар осы жүйенің екі тобына жіктелген;
2. Көркемсуретті кинематографтағы деректіліктің режиссерлік тәсілдері үш функцияны қамтиды: драмалық-сауықтық, ақпараттық-

- коммуникативтік және нормативтік. Осы функциялар кинотуындаға қосымша мән беріп, драматизм немесе эстетиканы күшейте түседі;
3. Диссертация авторы автор-режиссердің көркемдік-шығармашылық мақсаттарға жету үшін қолданған режиссерлік тәсілін нақтылауға мүмкіндік беретін «аудиохронотоп» және «ықпалдасқан кеңістік» деген екі терминді ғылыми айналымға енгізуді ұсынып отыр;
 4. «Көркемсуретті кинодағы деректі стиль», яғни, дерек ретінде стильденген көркемсуретті кино тәсілдері мен «көркемсуретті кинодағы деректі тәсіл», яғни, көркемсуретті фильм кеңістігіне деректі элементтерді, нақты оқиғалардан сыр шертетін хроника мен тұлғалардың бейнесін қолдану ұғымдары анықталып, дифференцияланды;
 5. Көркемсуретті кинодағы деректіліктің режиссерлік тәсілдерінің жүйесі ақпараттық-сандық технологиялармен бірлесе отырып, философия мен мәдениеттегі шынайылық туралы көзқарастар жүйесінің орасан трансформациясына сәйкес, жаңа аудиовизуалды туындыларды дамытып, жасауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы

Қазақстан көркемсуретті киносындағы деректіліктің режиссерлік тәсілдерін жүйелеудің тәжірибелік маңызы зор. Оның қоюшы-режиссерлер үшін де, кинотанушылық-теориялық зерттеу жүргізушілер үшін де, сонымен бірге, шығармашылық бағыттағы оқы-әдістемелік үрдіс үшін де пайдасы бар.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы

«Қазақстан көркемсуретті киносының кинотілінің құралы ретіндегі деректілік (1945–2019)» атты зерттеу жұмысында 1945-2019 жылдар аралығындағы Қазақстан көркемсуретті киносында деректілікті кинематографиялық әдіс ретінде қолданған туындыларға режиссерлік талдау жасалды. Осы сараптаманың негізінде қазақ көркемсуретті киносындағы режиссерлік деректілік құралдары зерттеліп, үрдісі жалпыланды. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, тоғыз бөлімшеден, қорытындыдан, қолданылған әдебиет тізімінен, фильмография мен қосымшадан құралған.

«Көркемсуретті кинодағы деректі құралдарды қолданудың теориялық-әдістемелік негізі» деп аталатын диссертацияның **бірінші тарауында** гуманитарлық ғылымдардағы деректілік тұжырымдамасы қарастырылып, 1945-1970 жылдар аралығында қолданылған тәсілдерге сараптама жасалды.

«Көркемсуретті кинодағы деректілік автордың шынайылықты суреттеу тәсілі» атты **екінші тарауда** көркемсуретті кинодағы режиссерлік стиль және деректілік құралдары сынды феномендер зерттеліп, 1971-1997 жылдар аралығындағы қазақ көркемсуретті киносындағы деректіліктің режиссерлік тәсілдеріне талдау жасалды.

«Қазіргі парадигма, оның көркемсуретті кинодағы деректіліктің режиссерлік тәсілдерінің жүйеленуі мен кинотілінің дамуына тигізер әсері»

атты **үшінші тарауда** Постмодернизм дәуіріндегі философия мен мәдениеттегі шынайылық идеясының тұжырымдамалары анықталып, 1998-2019 жылдар аралығындағы Қазақстан көркемсуретті киносындағы деректіліктің режиссерлік тәсілдеріне талдау жасалады; Қазақстан көркемсуретті киносындағы деректілікті қарастыру арқылы кинотілінің даму перспективалары зерттеледі.

Қорытындыда зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша түйін беріледі.